

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 21 сәуір N 378.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қызметін жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы ереже;
- 2) күші жойылды - ҚР Президентінің 2003.08.18 № 1167 Жарлығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2003.08.18 № 1167

Жарлығымен.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы № 2600 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., № 35, 436-құжат):

3-тармақтың 1) тармақшасы "есепті" деген сөзден кейін "және тікелей бағынатын" деген сөздермен толықтырылсын;

4, 5-тармақтардың күші жойылған деп танылсын;

2) күші жойылды - ҚР Президентінің 2002.02.11 № 805 Жарлығымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2002.02.11 № 805

Жарлығымен.

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы № 2600 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 наурыздағы № 2918 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 12, 88-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құрылымын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 17 қазандағы № 3692 Жарлығының 2-тармағы;

3) "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құрылымын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 31 тамыздағы № 4034 Жарлығының 3-тармағының екінші абзацы, 1), 2), 3) және 4) тармақшалары.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде бұрын қабылданған актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 21 сәуірдегі
№ 378 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Ережеге өзгеріс енгізілмеді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2026 № 1343 Жарлықтарымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2013.01.18 № 480 Жарлығымен

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің, мемлекеттік саяси қызметшілердің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, мемлекеттік органдар мен олардың аппараттары қызметкерлерінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының мынадай ведомстволары бар:

- 1) "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы" мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы" мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 31.10.2016 № 366 Жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, конституциялық заңдары мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының сипаттамасын Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқарушысы (бұдан әрі - Іс Басқарушы) бекітетін эмблемасы бар.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының егер заңнамаға сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Іс Басқарушының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

9. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 10.09.2019 № 151

Жарлығымен.

10. Мемлекеттік тілдегі толық атауы - "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

Орыс тіліндегі толық атауы - Государственное учреждение "Управление делами Президента Республики Казахстан".

11. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына кәсіпкерлік субъектілерімен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен түскен кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының миссиясы осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің, мемлекеттік саяси қызметшілердің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, мемлекеттік органдар мен

олардың аппараттары қызметкерлерінің қызметін уақтылы және сапалы материалдық-техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық және көлікпен қамтамасыз ету болып табылады.

15. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Парламенті Палаталары төрағаларының, Мемлекеттік еңесшісінің, Президенті Әкімшілігі Басшысының, Премьер-Министрі орынбасарларының, Үкімет мүшелерінің, Парламент депутаттарының, Премьер-Министр Кеңесі Басшысының, Парламент Палаталары аппараттары басшыларының, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесі, Парламент Палаталарының аппараттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Парламенттің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің, Премьер-Министр Кеңесінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша өзге де мемлекеттік органдардың (бұдан әрі - қызмет көрсетілетін органдар) қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

3) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Парламенті Палаталары төрағаларының, Парламенті депутаттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша өзге де тұлғалардың қызметін әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты, Ұлттық Банкі, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары Сот Кеңесі төрағаларының, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Жоғары аудиторлық палатасы төрағаларының, Іс Басқарушының, астана, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстар әкімдерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палатасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты, Жоғары Сот Кеңесі аппараттары басшыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының (бұдан әрі – қызмет көрсетілетін адамдар) қызметін көліктік және медициналық қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Парламент Палаталарының төрағалары, Мемлекеттік кеңесшісі

өткізетін кеңестерді, конференциялар мен басқа да арнаулы іс-шараларды қаржыландыру, материалдық-техникалық, медициналық қамтамасыз ету мен қызмет көрсетуді ұйымдастыру, оларды ақпараттық қолдау;

6) қызмет көрсетілетін тұлғаларға жататын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы экс-Президенттерінің қызметін материалдық-техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық, көлікпен және медициналық қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы бекітетін тізбе бойынша мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

17-1) Қазақстан Республикасы Президентінің жеке кітапханасының, Қазақстан Республикасы экс-президенттерінің жеке кітапханалары мен архивтерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 18.02.2016 № 196; 05.05.2017 № 471; 19.03.2019 № 884 (ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасының президенттік өкілеттіктері тоқтатылғаннан сәттен бастап қолданысқа енгізіледі); 26.11.2022 № 5; 02.01.2023 № 78 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.08.2023 № 303 қбп Жарлықтарымен.

16. Функциялар:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының функциялары:

қызмет көрсетілетін тұлғаларды дене шынықтыру-сауықтыру және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету мәселелерін шешеді;

қызмет көрсетілетін тұлғаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен өзге де тұлғаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

әкімшілік, өндірістік маңызы бар объектілерді, тұрғын үй мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді, оның ішінде ведомстволық қарасты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың объектілерін жобалауды, салу мен қайта жаңартуды ұйымдастырады;

күрделі құрылыс пен жөндеу жұмыстарының ағымдағы және перспективалық бағдарламаларын, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді, құрылыстағы техникалық және авторлық қадағалауды ұйымдастырады, сондай-ақ құрылысы аяқталған объектілерді қабылдауға қатысады;

мемлекеттік органдарды әкімшілік ғимараттармен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың аппараттарын әкімшілік ғимараттарда орналастырады, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының карамағындағы ғимараттарды пайдалану мен күтіп ұстауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасы экс-Президенттерінің, Премьер-Министрдің, Парламент Палаталары төрағаларының, Президент Әкімшілігі Басшысының, Премьер-Министр орынбасарларының, Іс Басқарушының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің және ресми делегациялардың әуе көлігімен ұшуын, Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасы экс-Президенттерінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің теміржол көлігімен жүруін, Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Парламент Палаталары төрағаларының, сондай-ақ өзге де қызмет көрсетілетін тұлғалар мен органдардың автомобиль көлігімен жүруін қоса алғанда, бірыңғай көлік саясатына сәйкес қызмет көрсетілетін тұлғалар мен органдарды көлікпен қамтамасыз етуді жүзеге асырады, қызмет көрсетілетін тұлғалар мен органдарды көлікпен қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлейді және бекітеді, автокөлік пен өзге де техниканы сатып алу мен жөндеуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының балансындағы және қарамағындағы объектілерді, оның ішінде қонақтарға арналған резиденцияларды пайдалануды, сондай-ақ оған бекітілген орынжайларды, жабдықты, өзге де мүлікті және іргелес аумақты тиісті күйінде күтіп ұстауды ұйымдастырады;

оның қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтың жұмыс істеуін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

қоғамдық тамақтанудың ұйымдастырылуына бақылауды жүзеге асырады, дене шынықтыру-сауықтыру, мәдени және әлеуметтік іс-шаралардың өтуін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қарамағындағы ғимараттарда қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

ведомстволар мен ведомстволық қарасты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді, оны үйлестіру мен бақылауды жүзеге асырады, ведомстволық қарасты республикалық заңды тұлғалардың мүлкіне қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын атқарады;

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ведомстволары мен ведомстволық қарасты ұйымдарының және оның қарамағындағы өзге де ұйымдардың қаржылық қызметін бақылауды жүзеге асырады;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тапсырысты орналастырады және мемлекеттік тапсырысқа бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

ведомстволық қарасты ұйымдардың даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді бекітеді;

қызмет көрсетілетін органдардағы ақпараттандыру процестеріне мониторинг жүргізуді, кешенді талдау мен сүйемелдеуді, сондай-ақ ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді, оның ішінде қарауындағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдарды ұсынуды жүзеге асырады;

республиканың ішінде және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Парламенті Палаталары төрағаларының және делегациялардың қатысуымен өтетін ресми іс-шараларға қызмет көрсетуді, оның ішінде медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады, өкілдік шығындар жөніндегі нормаларды әзірлейді және бекітеді;

ведомстволық қарасты және өзге де кәсіпорындарда қажетті өнімнің шығарылуын және қызметтердің көрсетілуін ұйымдастырады;

полиграфия өнімін шығаруды қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының полиграфия базасының дамуын үйлестіреді;

ведомстволық қарасты кәсіпорындардың жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ведомстволық қарасты кәсіпорындарында және оның қарамағындағы өзге де ұйымдарда шарттық-құқықтық жұмысты ұйымдастырады және бақылайды;

негізгі қорлар мен өндірістік қуаттарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында оның қарамағындағы, сондай-ақ ведомстволық қарасты ұйымдардың қарамағындағы объектілерді қайта жаңарту, салу мен дамыту үшін инвесторлар тартады;

бухгалтерлік есептің жүргізілуіне әдістемелік басшылық етуді қамтамасыз етеді және ведомстволар мен ведомстволық қарасты ұйымдардағы есеп пен есептіліктің жай-күйін бақылайды;

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлейді және қабылдайды;

республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тиісті саласының уәкілетті органы және мемлекеттік мекемелердің қорлардың құрылтайшысы болады, олардың жарғыларын бекітеді;

оның қарамағындағы коммерциялық емес ұйымдардың (қорлардың) қызметін үйлестіреді;

заңды тұлғалардың мемлекеттік үлестері мен акциялар пакетіне иелік етеді, оларды пайдаланады және басқарады;

ведомстволық қарасты кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге бекітілген, сондай-ақ белгіленген тәртіппен өзге де тұлғаларға берілген мемлекеттік мүлікті мақсатты пайдалану мен сақтауды бақылайды;

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенттің актілерінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

2) Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының функциялары:

Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата мен саяси партиялардың фракциялары өткізетін кеңестерді, конференцияларды және басқа да ресми іс-шараларды қаржыландыруды, оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді және оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын және оның Палаталары аппараттарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына тиісті тұрмыстық пен жұмыс жағдайын жасау жөнінде жұмыс жүргізеді;

белгіленген тәртіппен қызмет көрсетілетін тұлғаларды көлікпен қамтамасыз етуді, автокөлік пен өзге де техниканы сатып алу мен жөндеуді ұйымдастырады;

белгіленген тәртіппен қызмет көрсетілетін тұлғаларды дене шынықтыру-сауықтыру және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету мәселелерін шешеді;

құрылыстың, қайта жаңарту мен күрделі жөндеудің ағымдағы және перспективалық бағдарламаларын және жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді, Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының ведомстволық қарасты кәсіпорындарының объектілерін салуды, қайта жаңарту мен күрделі жөндеуді ұйымдастырады, тұрғын үйді, әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік мақсаттағы объектілерді жобалау мен салуды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының Парламентіндегі ақпараттандыру процестеріне мониторинг жүргізуді, оларды кешенді талдауды, әзірлеу мен сүйемелдеуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қарамағындағы ғимараттарда қоғамдық тамақтануды ұйымдастырады;

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының балансындағы объектілерді пайдалануды, сондай-ақ оларға бекітілген үй-жайларды, жабдық пен өзге де мүлікті, сондай-ақ іргелес аумақты қалыпты жай-күйде күтіп ұстауды ұйымдастырады;

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының ведомстволық қарасты ұйымдарының жұмысына басшылық етуді, оны үйлестіру мен бақылауды, оның ішінде оларға бекітілген мүлікті пайдалану тиімділігін арттыруды жүзеге асырады;

өкілдік шығындар жөніндегі нормаларды, Қазақстан Республикасы Парламентінің ресми іс-шараларын республикалық бюджет қаражаты есебінен өткізу жөніндегі

шығыстар сметасын әзірлейді және бекітеді, осы шығыстарды қаржыландыруды жүзеге асырады;

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының ведомстволық қарасты ұйымдарының қаржылық қызметін бақылауды жүзеге асырады;

полиграфия өнімін шығаруды қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасы Парламентінің полиграфиялық базасын дамытуды үйлестіреді;

Қазақстан Республикасы Парламентінің басқа елдермен және халықаралық ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруына қаржылық көмек көрсетеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенттің актілерінде және өзге де заңнамада оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының функциялары:

қызмет көрсетілетін тұлғаларға (тіркелген құрамға) ведомстволық қарасты медициналық ұйымдарда диагностикалық, емдеу-профилактикалық, денсаулықты қалпына келтіру және консультативтік медициналық, оның ішінде шетелдік мамандарды тартумен көмек көрсетуді ұйымдастырады, сондай-ақ тіркелген құрамды шетелге емделуге жібереді;

медициналық көмектің қажетті түрлері мен көлемін қолданумен және тамақтану, аурудың алдын алу, денсаулықты қалпына келтіру мен медициналық сауықтыру мәселелерін үйлестірумен Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелеріне, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасына және онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, Қазақстан Республикасы экс-Президенттеріне уақтылы және сапалы медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ведомстволық қарасты ұйымдарының жұмысына басшылық етуді және үйлестіруді, сондай-ақ қаржыландыруды жүзеге асырады;

денсаулық сақтау ұйымдарымен - медициналық қызметтерді көрсетушілермен, оның ішінде шарт жасау арқылы, өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

тіркелген құрамды және Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының емдеу-профилактикалық ұйымдарын дәрі-дәрмек құралдарымен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

денсаулықты қалпына келтіру, сауықтыру мен демалу үшін тіркелген құрамды Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының ведомстволық қарасты ұйымдарының санаторлық-курорттық мақсаттағы объектілеріне жіберуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қарамағындағы объектілерді мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады; жұқпалы ауруларды, тіркелген құрамды профилактикалық егуді ұйымдастыру мен өткізуді эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

тіркелген құрамның санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін және Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қарамағындағы объектілерде санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етеді;

медициналық қызметтердің көрсетілуіне, медициналық қызметтер жарнамасына, сондай-ақ ведомстволық қарасты ұйымдардағы аурудың алдын алу, диагностикалау, емдеу мен медициналық сауықтыру әдістеріне сараптама жүргізу мен бақылауды жүзеге асырады;

ведомстволық қарасты ұйымдардың, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметін қаржыландыруды үйлестіреді және ұйымдастырады ;

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы ведомстволық қарасты ұйымдарының жұмысына медицина ғылымының қазіргі заманғы жетістіктерін, ақпараттық, және инновациялық технологияларды енгізуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенттің актілерінде және өзге де заңнамада оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 31.10.2016 № 366; 06.12.2016 № 383; 19.03.2019 № 884 (ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасының президенттік өкілеттіктері тоқтатылғаннан сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

17. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құқықтары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құзыретіне кіретін барлық мәселе бойынша мемлекеттік органдардан, заңды және жеке тұлғалардан бүкіл қажетті ақпаратты, анықтамалық деректерді сұратуға;

2) ведомстволық қарасты кәсіпорындардың қаражатын инвестициялық жобаларды дайындау мен іске асыруға бағыттауға;

3) ведомстволық қарасты ұйымдарды құру, қайта құру мен тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) ведомстволар мен ведомстволық қарасты ұйымдардың Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының келісімі бойынша тағайындалатын қызметкерлерінің номенклатурасын бекітуге;

5) ведомстволық қарасты ұйымдармен оларға бекітілген мемлекеттік мүлікті пайдалану талаптары туралы шарт жасауға;

6) ведомстволық қарасты ұйымдардың қызметін жоспарлауға және бекітілген жоспарлардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

7) қарамағындағы объектілерді қайта жаңарту мен салу үшін, сондай-ақ басқа да мақсаттар үшін инвесторлар тартуға;

8) табысқа қол жеткізу мақсатында ведомстволық қарасты ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдауға, оның ішінде олар көрсететін ақылы қызметтер тізбесін бекітуге, олардың кәсіпкерлік қызметінің нәтижелерін талдауға, тексерістер мен құжаттық тексерулер жүргізуге;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы қызметінің бағыттары бойынша халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келісімдер мен шарттар жасауға;

10) қызмет көрсетілетін органдардың компьютерлік жүйелерін ақпараттық-техникалық қорғау жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруға;

11) мәдени және концерттік іс-шаралар ұйымдастыруға;

12) қызмет көрсетілетін органдарда ақпараттық технологияларды қолдануды ескерумен олардың даму перспективаларын зерделеу мен болжауға;

13) белгіленген тәртіппен оған мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану, басқару құқықтары берілген жағдайда басқа заңды тұлғаны құруға, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) болуға;

14) қызмет бағыттары бойынша ішкі аудит жүзеге асыруға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджет қаражатын пайдалану кезінде бұзушылықтарды анықтау, оларға жол бермеу және болдыртпау жөнінде шаралар қабылдауға;

16) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенттің актілерінде және өзге де заңнамада оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 18.02.2016 № 196 Жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қызметін ұйымдастыру

18. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына басшылық етуді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Іс Басқарушы жүзеге асырады.

19. Іс Басқарушыны Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Іс Басқарушының орынбасарлары, оның ішінде осы Ереженің 15-тармағының 6) тармақшасын белгіленген міндеттерді орындау құзыретіне кіретін бір бірінші орынбасары болады.

Іс Басқарушының бірінші орынбасарын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Іс Басқарушының орынбасарларын, Іс Басқарушының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 19.03.2019 № 884 (ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасының президенттік өкілеттіктері тоқтатылғаннан сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

21. Іс Басқарушының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының, аппарат басшысының және Президент Іс Басқармасының ведомстволары басшыларының өкілеттіктерін белгілейді;

2) Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы ережені бекітуге ұсынады, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының құрылымы мен штат саны бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының аппарат басшысын, ведомстволарының басшылары мен олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) ведомстволық қарасты кәсіпорындардың басшыларын және олардың орынбасарларын тағайындайды;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ведомстволары мен ведомстволық қарасты кәсіпорындарының басшыларына қатысты тәртіптік жаза қолданады;

7) бұйрықтар шығарады, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы әзірлейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қол қояды;

8) өз өкілеттіктеріне сәйкес тиісті мемлекеттік органдар келісуге енгізетін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қол қояды;

9) Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының штат кестесін бекітеді, оған бекітілген штат саны шегінде өзгерістер енгізеді;

10) алып тасталды - ҚР Президентінің 18.02.2016 № 196 Жарлығымен;

11) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ведомстволық қарасты кәсіпорындарының жарғыларын, ведомстволық қарасты

кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың еңбекақы төлеу қорын және басшыларының лауазымдық жалақысын бекітеді;

12) ведомстволық қарасты кәсіпорындардың даму жоспарларын бекітеді;

13) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қарамағындағы объектілерді салу, қайта жаңарту мен күрделі жөндеу сметаларын, жобаларын, титулдық тізімдерін бекітеді;

14) ведомстволық қарасты кәсіпорындар көрсететін қызметтер тізбесін және олардың бағасын бекітеді;

15) Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ведомстволары мен ведомстволық қарасты кәсіпорындарының штат кестелерін келіседі;

16) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының мүддесін білдіреді;

17) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы мен ведомстволық қарасты ұйымдардың жұмыс жоспарларын бекітеді;

18) заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Іс Басқарушы орнында болмаған кезде оның өкілеттігін атқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес міндетін атқарушы тұлға жүзеге асырады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 18.02.2016 № 196

Жарлығымен.

22. Іс Басқарушы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

23. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының аппарат басшысы басқарады.

4. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының мүлкі

24. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

25. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының оған бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған

бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату

27. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы мен оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдар тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 18.02.2016 № 196; 31.10.2016 № 366; 19.03.2019 № 884 (ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасының президенттік өкілеттіктері тоқтатылғаннан сәттен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

- "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" мемлекеттік мекемесі;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы "Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қараөткел" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Алматы қаласындағы әкімшілік ғимараттары дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- "Қазқұрылысжүйесі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы" акционерлік қоғамы;
- "Астана-Өнім" акционерлік қоғамы;
- "Алатау" қонақ үйі" акционерлік қоғамы;
- "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- "Астана-20" мемлекеттік қоры;
- "Бурабай даму" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы" мемлекеттік мекемесі:

шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

Орталық клиникалық ауруханасы" акционерлік қоғамы;

шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының "Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының "Қарлығаш" балабақшасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

"Оқжетпес" емдеу-сауықтыру кешені" акционерлік қоғамы;

"Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы" акционерлік қоғамы;

"Қазақстан" санаторийі (Қырғыз Республикасы).

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының қарамағындағы мемлекеттік мекемелер тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 14.08.2023 № 303 қбп Жарлығымен.

"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесі

"Қазақстан Республикасы Президенттің орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.